Сабақтың тақырыбы:	Гандбол ойыны. Ойын техникасын жетілдіру.		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.2.1- түрлі дене жаттығуларын орындау барысында қозғалыс комбинацияларын жалпылау және жетілдіру.		
Сабақтың мақсаты:	а) Оқушылардың спорт ойындарына деген қызығушылығын арттыру. ә) Оқушылардың денсаулығын нығайту, қимыл - қозғалыс мәдениетін қалыптастыру. б) Салауатты өмір салтын насихаттау.		
Ұлттық құндылықтар:	Әділдік және жауапкершілік айы.		

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Оқу ресурстары
<p>Сабақтың басы 15 минут</p>	<p>Оқушыларды сапқа тұрғызу, мөлiмет қабылдау, сәлемдесу. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсiндiру. Назар аудару жаттығулары! Жалпы дамыту жаттығулары: Оңға! Солға!, керi айнал! Оң иық алға адым бас!</p> <p>Аланды айнала қолды жоғары көтерiп жүру, аяқ ұшымен және қолды белге қойып өкшемен жүру. Жартылай отырып жүрелеу.</p> <p>Жүрелеу.</p> <p>Жүруден жүгiрiске ауысып, аланды айнала жүгiру. Жүгiру барысында жаттығулар жасау.</p> <p>Жаттығулардың дұрыс орындалуын қадағалау, ескерту.</p>	<p>Сапқа тұру, мөлiмет тапсыру, сәлемдесу. Оңға, солға, керi бұрылу, бiр орнында қадам басу. Мұғалiмдi мұқият тыңдау, жаттығуларды нақты, дұрыс орындау. Бұйрықты толық орындап,қысқа саптық жүрiспен алға адымдау.</p> <p>Жүру барысында орындалатын жаттығулар: а) қол жоғарыда аяқтың ұшымен жүру ә) қол желкеде, өкшемен жүру б) жартылай в) қол тiздеде, жүрелеу және секiру</p> <p>Жүгiру барысында орындалатын жаттығулар: а) қолды алға және артқа айналдыра оң және сол жақпен жүгiру. 8-10м ә) қолды бел тұсында бүгiп ұстап, тiзенi алақанға тигiзе жүгiру.8-10м б) қол жамбаста,өкшенi жамбасқа тигiзе жүгiру.8-10м в) қол белде аяқты алға сермеп жүгiру.8-10м г) жылан тәрiздi жүгiру.10-12м</p>	<p>Қол шапалақтау</p>  <p>Ауызша қошемет (жақсы, жарайсың т.б)</p>  <p>«Қолмен белгi беру»</p>	<p>Ысқырық, секундомер, т.б</p>
<p>Сабақтың Негiзгi бөлiмi 15 минут</p>	<p>Тынысты қалыпқа келтiру. Жалпы дамыту жаттығуларын орындау</p> <p>Екi шынтақты бiр-бiрiне тигiзу</p>	<p>Терең дем алып, дем шығару. Бiр орында тұрып орындалатын жаттығулар: а) Б.Қ. аяқ иық деңгейiнде, екi қол белде, санақ бойынша басты оңға 1-4 ке, солға 5-8 ге дейiн айналдыру.</p>		<p>Ысқырық, секундомер, т.б</p>

	<p>Денені түзу ұстау.</p> <p>Кеудені жазу Денені тік ұстау.</p> <p>Белді толық айналдыру Аяқты бір-біріне қосып, жақын ұстау</p> <p>Қолдың арасын қоспау. Барынша жоғары секіру. Барлығы бірдей жасау</p> <p>Т.қ.к. дем алып, дем шығару.</p>	<p>ә) Б.Қ. аяқ иық деңгейінде, екі қол иықта қолды алға 1-4 ке, артқа 5-8 ге дейін айналдыру</p> <p>б) Б.Қ. аяқ иық деңгейінде, оң қол жоғарыда сол қол төменде қолымызды артқа жазу 1-4 ке, қолды ауыстыру 5-8 ге.</p> <p>в) Б.Қ. аяқ иық деңгейінде, екі қол желкеде 1-4 оңға, 5-8 солға кеудемізді бұрамыз.</p> <p>г) Б.Қ. оң аяқпен 1-4 ке, сол аяқпен 5-8 ге, 1-8 ге қос аяқпен секіру.</p> <p>д)</p> <p>е) Б.Қ. аяқ иық деңгейінде қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен секіру.</p> <p>Терең дем алып, дем шығару қолды еркін ұстаймыз.</p>	  <p>Бас бармақ арқылы бағалау</p>	
<p>Сабақтың ортасы 20 минут</p>	<p>«Лентаны өзіңе ал» ойынын ойнату. <i>Ережесі:</i> Сыныпты екіге бөліп, әр топтан екі бала таңдалады, ойынның мақсаты сол екі бала қалған балалардың беліндегі ленталарды алу арқылы оларды ойыннан шығарады. Ойын солай жалғаса береді. Сыныпқа интерактивті тақта арқылы гандбол ойыны туралы қысқаша мәліметтермен таныстыру, көрсету.</p> <p>1-жаттығу. Сыныпты екіге бөліп, допты екі қолмен алма-кезек лақтырып, қағып алу (1-2 минут)</p> <p>2-жаттығу. Барлық сыныпқа гандбол добын жерге соғып орнында, қозғалыста орындау. (1-2 минут)</p>	<p>Ойын кезінде қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Лентасы алынған бала сол лентаны жоғары көтеру керек.</p> <p>Лентасы бар балалар лентаны бермеуге талпыну керек.</p> <p>Интерактивті тақтаға назар салып қарау, тыңдау</p> <p>Допты екі қолмен жанастыра лақтыра қағып алу.</p> <p>Жаттығуды орындау барысында қатты бүгілмеу, допты оң және сол қолмен қатесіз, мұқият орындау.</p>	 <p>Жарайсың</p> <p>Тақырыпты түсіну деңгейін арттыру, қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтар қойылады.</p>	<p>Үлкен, бос кеңістік</p> <p>Ысқырық, лента, кедергі «доп серпігіш», «адам макет», АКТ, доптар т.б</p>

	<p>3-жаттығу. Қарама-қарсы тұрғызу. Допты әріптеске беру, қабылдау жаттығулары (2-3 мин).</p> <p>4-жаттығу. Қозғалыста допты жерге соғу арқылы кедергілер арасын өтіп, «адам макетті» айналып келу. (1-2 мин.)</p> <p>5-жаттығу. Қозғалыста допты әріптеске беріп және қабылдап, «адам макетті» айналып келу. (1-2мин)</p> <p>6-жаттығу. Екі топқа тапсырма жаттығулары: 1-ші және 2-ші топ алма-кезек доппен кедергілер арасынан өтіп, қақпа жанында допты «доп серпігішке» соғып өзіне қабылдап, «адам макеттен» айнала, допты қақпаға соғу. (2-3 мин)</p> <p>Екі жақты гандбол ойыны (ықшамдалған ережемен)</p> <p>6.«Сергіту сәті» сыныпқа гандбол ойынына қатысты сұрақтар беріліп, кері байланыс жасау арқылы тапсырма беру.</p>	<p>Допты әріптеске дәл беру. Допты беру жағдайында қолды көтеру, сол аяқты алдыға қою,қос қолмен қағып алу.</p> <p>Жаттығуды орындауда мұқият, дұрыс жасау.</p> <p>Жүгіргенде кеудені алда ұстау, допты әріптеске дұрыс беру, қабылдау</p> <p>Допты «доп серпігішке» дұрыс лақтыру, қабылдау.</p> <p>Доппен бірге «адам макеттен» өту, қақпаға дәл соғу. Орындаудан кейін өз добын алып келесі жаттығу орнына бару.</p> <p>Ықшамдалған ережемен гандбол ойын ойнау.Қауіпсіздік ережесін сақтау</p> <p>Берілген, көрсетілген сұрақтарға дұрыс, мұқият жауап беру. Командалық белсенділік таныту.</p>	<p>Бас бармақ арқылы бағалау</p> <p>Жұлдызша беру арқылы бағалау.</p>	 
<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Рефлексия</p> <p>1. Сабақты түсіндім (қол жоғары көтеру)</p> <p>2.Сабақ маған ұнады (қол жоғары көтеру)</p> <p>Оқушылар сабақ бойынша пікір айтып, жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді сараптап, келесі қадамды айқындап, сабақты қорытындылау.</p>	<p>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды</p>	 <p>Бас бармақ</p>	 <p>Жариялау</p>

**Ауелбаева Гүлдаурен
Сатыбалдықызы**

Атырау облысы білім басқармасының,
Атырау қалалық білім бөлімінің №26
С.Датов атындағы орта мектебі
Дене шынықтыру пәні педагогі,
педагог-сарапшы



ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

Бөлім:	1-бөлім
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты:	Ауелбаева Гүлдаурен Сатыбалдиевна
Күні:	20.11.2024
Сынып: 6 «А»	Қатысқандар:18 Қатыспағандар:0
Сабақтың тақырыбы:	Тоғызқумалақ ойынының ережесімен, тарихымен таныстыру және жүрісін үйрету.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	6.1.2.1 Қимыл- қозғалыс комбинацияларын және олардың кейбір жаттығулардағы реттілігін құру және орындай білу
Сабақтың мақсаты:	Тоғызқумалақ ойынының комбинацияларын үйренеді және жүріс есептерінің реттілігін үйренеді. Ойын позициясын, техникасын үйренеді


Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 2 минут</p> <p>Жаңа сабаққа кіріспе 2 минут</p> <p>2 минут</p> <p>Жаңа сабақ 6 минут</p>	<p>Психологиялық ахуал туғызу. Сыныппен амандасу, түгендеу.</p> <p>Сергіту: «Қаражорға» биін билейді</p> <p>Сыныпты топқа бөлу. Оқушыларға қоржын ішіндегі шахмат, шашка, құмалақ ұсынылады.</p> <p>«Ойтүрткі» (С)Тақырыпты болжау.</p> <p>Сөзтізбек «Тоғызқұмалақ» Сөзтізбекте спорт және қазақтың ойын түрлері жасырылған. 1. Теңге алу – қазақтың ат үстінде ойналатын нағыз ұлттық ойыны. 2. Волейбол -Қазақстанда алғашқы рет 1926 жылы Қызылорда қаласында өткізілген спорттық ойын. 3 Жорға жарыс - ұлттық ат спорты түрлерінің бірі. 4 Аударыспақ — қазақтың ұлттық ойыны, екі адамның күш сынасуымен өтетін спорттық ойын 5 Қазақ күресі - күрес түрі 6. Ақсүйек - ойыншылар бір-біріне тас немесе басқа да кішкентай заттарды лақтырып, оларды жинап алуға тырысады. 7 «Ұшты -ұшты» ойыны - Ұша алатын затты атағанда қолды жоғары көтеру арқылы ойын жалғасады. 8 Шахмат - дүние жүзінде кең таралған, екі адам арасында ойналатын логикалық ойын. 9. Көкпар - қазақтың ұлттық ат спорты ойындарының бірі 10. Футбол - әлемдегі ең танымал спорт түрі. Ойын екі</p>	<p>Оқушылар қоржын ішіндегі шахмат, шашка, құмалақты таңдап алады.</p> <p>Мұғалімнің сұрағына жауап береді. Оқушылар білгендерімен бөліседі.</p> <p>Оқушылар сабақтың тақырыбымен,</p>	<p>ҚБ Мұғалімнің бағалауы Мақтау сөздер айту арқылы ынталандыру. «Жарайсың!»; «Тамаша»</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Музыка «Қара жорға» биі</p> <p>Қоржын, шашка, құмалақ, шахмат</p> <p>Слайд №1 Сандық, асық</p> <p>Слайд №2 Тоғызқұмалақ тарихы</p> <p>QR. Парақшасы</p> 

	<p>командадан тұрады, әр командада 11 ойыншыдан болады.</p> <p>11. Арқан тарту - Екі топ арқанды тартып, бірін-бірі тартып шығаруға тырысады</p> <p>12. Жасырынбақ - іздеушінің көзін басып тұрып санайды да, тығылған адамдарды іздейді.</p> <p>Мұғалім бүгінгі сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстырады.</p> <p>Тоғызқұмалақ тарихымен таныстырады</p> <p>Оқушыларға QR таратылады</p>	<p>мақсатымен танысады.</p> <p>Тоғызқұмалақ тарихымен танысады</p> <p>QR арқылы тарихымен танысады</p>		
<p>Сабақтың ортасы 7 минут</p>	<p>Ұлттық ойынмен алғашқы таныстық</p> <p>1.Тоғызқұмалақ тақтасымен таныстырылады. Жасанды интеллект арқылы түсіндіріледі.</p> <p>2. Тоғызқұмалақ терминдері айтылады <i>Бастаушы, қостаушы, тұздық, қазан, отау, атсырау</i></p> <p>3.Отау аттарын атап көрсетеді. № 9 отау – маңдай № 8 отау – көкмойын № 7 отау – қандықақпан № 6 отау – белбасар № 5 отау – бел № 4 отау – атсыратар № 3 отау – атөтпес № 2 отау – тектұрмас № 1 отау– арт</p> <p>4.Ойын бастамаларын,отаудағы құмалақтарды тарату арқылы көрсетіледі.</p> <p>5.Ойынның жүру комбинацияларын үйрету</p> <p>6.Жүріс дәлдігімен жүріс санын үйрету</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Тоғызқұмалақ тақтасына арнайы сауалдар дайындалған.</p> <p>1-топ</p>	<p>Мұғалімнің сұрағына жауап береді.</p> <p>Оқушылар өз білгендерімен бөліседі.</p> <p>1-топ 18 отау, екі қазан, 162 құмалақ. Тақта сызбасын сызады</p> <p>2-топ Ойын тарихын айтып шығады.</p>	<p>ҚБ Мұғалімнің бағалауы</p> <p>ҚБ Мұғалімнің бағалауы</p>	<p>Слайд №2,3,4,5</p> <p>Тоғызқұмалақ суреті</p>  <p>Оқушы дәптері</p> <p>Тоғызқұмалақ тақтасы</p> <p>Сұрақ парақшалары</p>
8 минут				

	<p>Ойын тақтасында неше отау, неше қазан, неше құмалақ болады? Тақта сызбасын сызыңыз</p> <p>2-топ Ойын тарихы туралы баяндаңыз</p> <p>3-топ Отау аттарын атап шығыңыздар</p>	<p>3-топ № 9 отау – маңдай № 8 отау – көкмойын № 7 отау – қандықақпан № 6 отау – белбасар № 5 отау – бел № 4 отау – атсыратар № 3 отау – атөтпес № 2 отау – тектұрмас № 1 отау – арт.</p>		
5 минут	<p>Жұптық жұмыс Тоғызқұмалақ тақтасына отырып, ойыншылар жұппен ойнауға шақырылады</p>	<p>Оқушылар сабақта үйренген тәсілдер арқылы жұппен тоғызқұмалақ ойнайды.</p>		Интерактивті тақта
<p>Сабақтың соңы. 8 минут</p>	<p>Сабақты қорытындылау. Кері байланыс: Активатор</p> <p>Үйге тапсырма беру. Тоғызқұмалақ отаулары аттарын жаттап келу</p>	<p>Оқушылардың сабақтан алған әсерін айтуы. «Тәжірбибеде қолданатын 1 мәлімет» «Маңызды болған 2 мәлімет» «Есімде қалған 3 мәлімет» Мұғалім сұрағына жауап беру.</p>	<p>Оқушылардың бірін-бірі бағалауы. Ауызша бағалау. Ынталандыру</p>	<p>Активатор</p>  <p>Кубок суреті</p> 

**Кайранбаева Айгерим
Болатқызы**

Абай облысы білім басқармасының
Аягөз ауданы білім бөлімінің
№4 жалпы орта білім беретін аралас
мектебі Дене шынықтыру пәні педагогі,
педагог-модератор



ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ

Бөлім	2-бөлім	
	Спорт ойындары арқылы бірлескен жұмыс	
Педагогтің аты-жөні	Кайранбаева Айгерим Болатовна	
Күні	29.10.2024	
Сынып	9 Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Спорттық ойындар	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.1.1.1 үлкен ауқымдағы арнайы спорттық қимыл әрекеттерінің дәлдігін бақылауды және үйлесімділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс ойындарын дамыту.	
Сабақтың мақсаты	Допты игеру тәсілдерінің үлкен ауқымдағы арнайы спорттық қимыл әрекеттерін меңгеру.	

Бағалау критерийі Білім алушы	Арнайы спорттық қимыл әрекеттерінің дәлдігін біледі және орындайды.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі Оқушыларды қатарға тұрғызу. «Түзел!» «Тік тұр!» «Сәлеметсіздер ме? Еркін тұрыңдар.» оқушыларды түгендеу, қауіпсіздік ережелерін естеріне салу. Ж.С.Ж.–өлшеп , анықтау.</p> <p>«Ортақ мағынаны тап » әдісі арқылы сабақ тақырыбын анықтау. Баскетбол, волейбол, футбол, регби суреттерін қою. Суреттерді оқушыларға көрсету Саптық жаттығулар Оқушылардың дұрыс бұрылуына назар аудару.</p> <p>Бой қыздыру жаттығулары Жаттығуларды орындау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қолды түзу ұстау. Шынтақты жазып ұстау. Денені тік ұстау. Басты тік ұстау.</p> <p>Дұрыс тыныс алу Ара қашықтық сақтау адымдардың кіші болуына назар аудару.</p> <p>Қалпына келу жаттығуларын орындату.</p> <p>2-лекке қадам бас Орында қадам бас (оң аяқ, сол аяқ) Тоқта , «оңға»</p> <p>Жаттығуларды орындау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p>Қатарға тұру. Сәлемдесу</p> <p>Берілген суреттердің ортақ мағынасын табу.</p> <p>Саптық жаттығулар «оңға», «солға», «кері бұрыл» бұйрықтарын орындау.</p> <p>Жүру жаттығулары доппен</p> <p>А) жай жүру Б) аяқтың ұшымен жүру, доп жоғарыда В) аяқтың өкшесімен жүру, доп желкеде Г) аяқтың ішкі жағымен жүру, доп оң жақта Д) аяқтың сыртымен жүру, доп сол жақта белде</p> <p>Жүгіру жаттығулары доппен</p> <p>1) жай жүгіру 2) допты алып жүгіріп бастан айналдыру</p>	<p>ҚБ «Шапалақ» әдісі</p> 	<p>Мұғалімге ысқырық</p> <p>интерактивті тақта</p>    <p>Баскетбол добы, қолдан жасалған құрал-жабдықтарды пайдалану</p> <p>Баскетбол, волейбол доптары 16 дана</p>  

	<p>Жаттығуларды ретімен орындау.</p>	<p>3) допты оң және сол қолға ұстап жүгіру 4) допты алып жүгіріп белден айналдыру 5) екі адаым жасап допты жоғары лақтыру. Жай жүру, терең демалап, дем шығару.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары доппен орындау. Жасыл және сары түс арқылы 2 лекке бөліну</p> <p>1.БҚ аяқ иық мөлшерінде, 1-2 санға басты сол жаққа айландыру- доп жоғарда, 3-4 санға басты оң жаққа айландыру- доп жоғарыда</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ иық денгейінде доп алдыда, 1- 2 оңға бұрылу 3-4 солға бұрылу</p> <p>3 .Бастапқы қалып аяқ иық денгейінде доп жоғарыда 1-2 қолды оң жаққа еңкейту 3-4 қолды сол жаққа еңкейту.</p> <p>4.Бастапқы қалып аяқ иық денгейінде 1- дегенде қолды жоғары көтеріп аяқтың ұшына тұрамыз. 2 -дегенде допты төмен түсіріп жерге тигіземіз. 3 - дегенде отырамыз 4 -дегенде бастапқы қалыпқа келеміз</p>		
--	--------------------------------------	---	--	--

		5.БҚ аяқ иық мөлшерінде 1-2допты жерге қойып,отыру. 3-4 допты жоғары созып, секіру.		
Сабақтың ортасы	<p>Жаңа сабақты меңгеру мақсатында «Спорттық ойындар әлеміне саяхат» Оқушыларды сапқа тұрғызу сабақтың тақырыбын түсіндіру.Оқушыларды поравозға отырғызу арқылы айналып жүріп аялдамаға келу.Оқушыларды екі топқа бөліп қарама қарсы тұрғызу, 1 - 2 лекте тұрғызу,баскетбол добын беру, жұппен жұмыс жасату.</p> <p>Саралау: А –төмен допты дұрыс қабылдау және беру. В- орташа доппен қозғалудың қимыл әрекеттерін реттілігін сақтау. С- қабілетті доппен орындалатын жаттығуларды секріктеспен үйлесімді орындау .</p> <p>Допты кеуде тұсында ұстау барысында, оң аяқты алдыға қойып, бас бармақты өзіне қарауын қадағалау.</p> <p>Қолды түзу ұстау, тізені сәл бұғу.</p> <p>Қадам жасамас бұрын допты жерге соғу.</p> <p>Әр жаттығуды үш рет қайталау.</p>	<p>Оқушыларды поравозға отырғызу арқылы айналып жүріп, аялдамаға келу.</p> <p>1. аялдама Баскетбол</p> <p>1-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2- лекте сары киген оқушыларға баскетбол добын кеуде тұсынан беру.</p> <p>2-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға баскетбол добын бір қолымен жоғарыдан беру.</p> <p>3-жаттығу; 1- лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2- лекте сары киген оқушылардын алдына тұрып, допты алып жүре шеңберге оң аяқты қойып, сол аяқпен айналып допты секріктеске қайтарып, орына қайту.</p> <p>2. Аялдама Волейбол</p> <p>1-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға волейбол добын бірінші жоғарыдан қабылдау тәсілін</p>	<p>Дескриптор ; - допты дұрыс қабылдау және беру; 1б</p> <p>- доппен қозғалудың қимыл әрекеттерін реттілігін сақтау; 2б</p> <p>- доппен орындалатын жаттығуларды секріктеспен үйлесімді орындау ; 2б</p> <p>ҚБ «Шапалақ» әдісі</p>	 <p>Ысқырық</p>   

	<p>Допты алақанға түсірмеу.</p> <p>Тізені сәл бүгу.</p> <p>Допты алақанға түсірмеу. Тізені сәл бүгу.</p> <p>Допты түзу беру.</p> <p>Допты жақын ұстау.</p> <p>Ж.С.Ж.—өлшеп ,анықтау.</p> <p>Допты бастан жоғары көтермеу.</p>	<p>орындап , жұбына жоғарыдан беру.</p> <p>2-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға. Жүгіріп барып қолын тигізеді де артқа қайтып , допты төменнен қабылдайды. Осылайша жаттығуды оқушылардың алма кезек ауысуы арқылы орындалады.</p> <p>3-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға волейбол добын жоғары лақтыртып шеңберден айналады да допты төменнен қабылдау арқылы допты қайтарады. Осылайша жаттығуды оқушылардың алма кезек ауысуы арқылы орындалады.</p> <p>3. Аялдама Футбол</p> <p>1-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға</p> <p>футбол добын аяқтың ішкі қырымен береді .</p> <p>2-жаттығу 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға футбол добын ортанғы сызыққа дейін алып келіп сары киген</p>	<p>ТБ – топтық «Жүрек» әдісі арқылы</p> <p>ЖБ- «Жүрек» әдісі арқылы</p>	 <p>Ысқырық</p> 
--	---	---	---	--

	<p>Қолды допты бас жағына жеткізіп, қаттырақ тарту.</p> <p>Допты дұрыс қабылдау.</p> <p>Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	<p>оқушыға беріп артқа қайтады сары киген оқушы тура осы жаттығуды қайталайды. Осы жаттығуды алма кезек қайталайды әр жаттығуды төрт реттен қайталау.</p> <p>3-жаттығу 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға қарама қайшы футбол добын аяқтың ішкі қырымен кедергілер арасынан өткізіп береді әр жаттығуды төрт реттен қайталайды.</p> <p>4. аялдама Регби</p> <p>1-жаттығу ; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар 2-лекте сары киген оқушыларға. Регби добын айналдыру тәсілдері арқылы беру.</p> <p>2-жаттығу; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар регби добын ұстап тұрады 2- лекте сары киген оқушылардан допты жұлып алу тәсілін орындау.</p> <p>3-жаттығу ; 1-лекте тұрған жасылдағы оқушылар регби добын ортаға қояды да, ал екінші сары киген оқушы допты алып жасыл киген оқушыға лақтырып өз орнына қайтадан тұрады.</p> <p>«Кім жылдам ?» ойыны Ойын ережесі бойынша</p>	<p>ӨӨБ- «Бас бармақ» әдісі арқылы</p> <p>ҚБ «Шапалақ» әдісі</p>	<p>Ысқырық</p> 
--	--	--	---	--

		Екі лектегі оқушылар бір біріне жақындап орналасады. Ортаға доп қойылады. Мұғалімнің (бас, құлақ, аяқ, тізе...) айтқан жеріне қолдарын қойып отырады, ал мұғалім «доп» дегенде допты бірінші болып жұлып алу керек.														
Сабақтың соңы	Ағзаны қалпына келтіру және босақсыту жаттығулары, сабақты қорытындылау. «Көңіл аудару» ойыны Ж.С.Ж.—өлшеп, анықтау. Рефлексия «3Қ» әдісі арқылы қорытындылау.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды	ҚБ: Мұғалім оқушыларды сабақтағы жетістігін айта отырып, оқушыларды бағалайды .	Үй тапсырмасы Рефлексия парағы												
	<table border="1"> <tr> <td>Қызықты </td> <td>Құнды </td> <td>Қиын </td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Қызықты 	Құнды 	Қиын 												
Қызықты 	Құнды 	Қиын 														

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ЖҮКТЕМЕ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУ ХАТТАМАСЫ

Өткізілетін мерзімі: _____ Сыныбы: _____


Сабақ міндеттері: _____

Сабақ жүргізуші: _____ Хаттама жүргізуші: _____

Бақылаудағы оқушы: _____

№	Тамыр соғысын есептеу уақыты	Ж.С.Ж.		Қимыл-әрекет түрлері	Ескерту
		10 сек.	1 мин.		
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					
7.					
8.					
9.					
10.					
11.					
12.					
13.					
14.					
15.					
16.					

ЖҮРЕК СОҒЫСЫНЫҢ КЕСТЕСІ



Ғаниұлы Мирас

Алматы облысы білім басқармасының,
Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім
бөлімі мемлекеттік мекемесінің
Абылай хан атындағы № 4 орта мектебі
Дене шынықтыру пәні педагогі,
педагог-модератор





ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГІНЕ АРНАЛҒАН САБАҚ ЖОСПАРЫ НЕМЕСЕ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Сабақтың тақырыбы: Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру.

Бөлім	1 бөлім: Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту және жақсарту.
Педагогтің аты-жөні	Ғаниұлы Мирас
Күні:	
Сынып:8	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қауіпсіздік ережесі. Қысқа қашықтыққа жүгіру
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8. 3. 4. 1 денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулар кезіндегі болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай білу
Сабақтың мақсаты	Қауіпсіздіктің әсер ету үшін бірқатар әлеуметтік қабілеттерді түсінеді. Оқушыларды қысқа қашықтыққа жүгіруді үйренеді. Қысқа қашықтыққа жүгіру арқылы оқушылардың шапшаңдық, ептілік, төзімділік, батылдық қасиеттерін жетілдіре түседі.

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ:

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы 15мин</p>	<p>Ұйымдастыру Оқушыларды сапқа тұрғызу. Мәлімет алу. Түгендеу. Сәлемдесу.</p> <p>Көңіл-күйлерің қалай балалар?</p> <p>Оқушыларға жеребе тарту арқылы ЕББҚБ (ерекше білімді қажет ететін бала) анықтаймыз. А) Мобилограф қазіргі таңда ең танымал мамандық. Сенің мақсатың видеоға түсіру арқылы білім алушылардың сабағын бақылайды В) Коментатор спортпен байланысты мамандық. Оның мақсаты сабақ барысындағы білім алушарды бақылайды және жазып отырады.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын ашу үшін «инсайт» әдісі</p> <p>1. Берілген суреттерде қандай қашықтық жүгіруге жатады?</p> 	<p>Сапқа тұрып, мәлімет береді</p> <p>Өз көңіл-күйлерімен бөліседі.</p> <p>Оқушылар тақырыпты анықтайды. Мақсатты айтады. Сұрақтың жауаптары.</p> <p>Жауабы:</p>  <p>Жауабы: қысқа қашықтыққа жүгіру кезінде</p>  <p>Жауабы:</p>	<p>Сұраққа дұрыс жауап берген оқушыны смайлик штампымен бағаланады.</p>	<p>Дене шынықтыруды оқытудың денені салауатты шынықтыру, спорттық-спецификалық қозғалу, техникалық қауіпсіздік дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған ӨНХ басшылыққа алу, 2023-2024 оқу жылы https://www.youtube.com/watch?v=aVli4VCB2i0</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=zpavGOT2GmM</p> <p>Ысқырық. секундомер.</p>

	<p>2.Суреттегі затты қай кезде қолданады?</p>  <p>3.Жеңіл атлетикадан 2012 жылы олимпиада чемпионы?</p> <p>4.Қысқа қашықтыққа жүгіру кезінде төреші неше пәрмен береді?</p> <p>5.Қысқа қашықтыққа жүгірудің қауіпсіздік ережелерін ата?</p> <p>6.Қысқа қашықтықтың ұзындығы?</p> <p>7.Қысқа қашықтыққа жүгіру қалай басталады?</p> <p>8.Жеңіл атлетикадан жүгіруді қай пәрмен берілгеннен кейін бастайды?</p> <p>Ал енді бүгінгі біздің тақырыбымыз Қауіпсіздік ережесі, қысқа қашықтыққа жүгіруді толық ашып өтетін боламыз.</p> <p>Сабақты бастамас бұрын, бір оқушыны</p>	<p>Ольга Рыпакова</p> <p>Жауабы: 3</p> <p>Жауабы: Өз жолағымен жүгіру</p> <p>Жауабы: 30,60,100 м</p> <p>Жауабы: Төменгі сөре</p> <p>Жауабы: «Жүгір»</p> <p>Жаттығуды орындау</p> <p>Бой жазу және ЖДЖ жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын қалпына келтіру.</p>	<p>Әр топтарда оқушылар бірін-бірі бағалайды.</p> <p>қадағалап, бағалап тұрады</p>	
--	---	---	--	--

	<p>белгілеп пульсін өлшеп алу.</p> <p>Жүгіру кезіндегі қауіпсіздік ережелері</p> <ul style="list-style-type: none"> ● Қысқа қашықтықтарды тек өз жолымен жүгіру керек; ● Басқа жүгірушінің жолына өтіп кетуге болмайды; ● Жүгіріп келе жатып кілт тоқтауға болмайды; ● Қатарласа жүгіріп келе жатқан сыныптастарымен әңгімелесуге, оларға тым жақындауға болмайды. <p>Оқушылардың спорттық киімдеріне назар аудару.</p> <p>Шеңбер бойымен жүре отырып жүру және жүгіру жаттығуларын орындаймыз</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Екі қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. 2. Екі қол иықта, аяқтың өкшесімен жүру. 3. Қол белде, аяқтың сыртқы қырымен жүру. <p>Музыка «Адай» күйі орындалады.</p> <p>Жүгіру жаттығулары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шеңбер айналып жүгіру. 2. Оң иықпен екі қолды алдыға айналдырамыз 3. Сол иықпен екі қолды артқа айналдырамыз <p>Демалыс жаттығуы</p>	<p>Жаттығуды орындау</p> <p>Жаттығуды орындау</p> <p>Жаттығуды орындау</p> <p>Дескриптор <i>Білім алушы</i> қауіпсіздік ережесін жұмыс барысында сақтайды; мақсатқа жетуде командалық жұмыста көшбасшылық танытады; тапсырманы мұқият әрі дұрыс орындайды.</p>		<p>бой жазу жаттығулары сілтемесі</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулар сілтемесі</p>
--	--	---	--	--


	<p>Білім алушыларды 2 топқа бөледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2. Аяқты артқа сілтеп жүгіру. 3. Аяқтан аяққа секіру. <p>Демалыс жаттығуы. Білім алушының пульсын өлшеу.</p> <p>ЖДЖ топта орындау Бой жазу жаттығуларын ережеге сай орындалуын қадағалау.</p> 			
<p>Сабақтың ортасы 20 мин</p>	<p>1.Төменгі сөреден шығу техникасын үйрету.</p> <p>«Сөреге» деген бұйрық берілгенде сөре сызығына келіп бір, бір жарым қадам санап алып қолды сөре сызығының үстіне қойып итеретін аяқты алдыңғы ұшына қойып итермейтін аяқтың тізесі итеретін аяқтың табанының орта тұсында тұрады, бас пен иық бір деңгейде, салмақ қолға түсіп тұрады.</p> <p>«Дайындал» деген бұйрықта сәл көтеріліп алға қарап тұрады.</p> <p>«Жүгір» деген бұйрықта бар екпіні мен аяқты жылдам қолды алға артқа сермеп 20 метрге максималды қарқын алғанша жиі-жиі басып жүгіреді.</p>	<p>Білім алушылар жаттығуларды қайталап орындайды.</p>  		<p>rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/701/...</p>

	<p>«Сәреге» деген бұйрықта сәреге тұру. «Дайындал» деген бұйрықта көтерілу. «Жүгір» деген бұйрықта аяқ қолды тез-тез қимылдатып 20 метрге дейін аяқты жиі жиі басып максималды қарқын алғанша сөйтіп жүгіріп, қалғанын барынша қарқынмен жүгіріп келіп мәре сызығын кесіп өту қажет. 30,60 метрге жүгірту.</p>  <p>Алдыңғы аяқ тірегіш сәре сызығынан 40-50 см. алдыңғы дән. Бұл сәрелік қозғалыс вариантында кедергіден жүгіруші тез жоғарғы жылдамдықты алып, жүгіру адым ұзындығы бір қалыпты өседі, бірақ сәрелік қозғалыстан, дистанция бойымен жүргенде жүгіруші ырғағы әртүрлі болғандығы қиыншылық тудырады. 8 адымдық екпін алғанда сәре сызығына итерілетін тірегіші алға қойылады (40-66 см. сәре сызығының алдыңғы және артқы аяқ тірегіштің аралығы 20-40 см.). Мұндай сәрелік қозғалыста спортшы табиғи адым ұзындығы қысқартады, бірақ дистанция бойымен жүргенде</p>	 <p>Жауабы: Қысқа қашықтықтарды тек өз жолымен жүгіру керек; Басқа жүгірушінің жолына өтіп кетуге болмайды;</p> <p>Жауабы: Жүгіру, секіру, лақтыру.</p> <p>Жауабы: 30,60,100</p> <p>Жауабы: Сәреге тұр, дайындал, жүгір</p>	<p>ppt-online.org/380090</p>    	
--	--	--	---	--

	<p>тұрақты ырғақ сақтайды.</p>  <p>Тікенектер-табанында тікенектері бар жүгіру аяқ киімі. Тікенектер жабынға жабысып, спортшыға үлкен жылдамдықты дамытуға мүмкіндік береді. Табан сырғып кетпейді және жүгірушінің күші ысырап болмайды.</p> <p>Білім алушыларды 2 топқа бөліп, екі адамнан 30 метр қашықтыққа жүгіріп барып қоржынның ішіндегі сурақтарға жауап беру.</p> <p>ЕБК А) Секундомермен тұрады В) Білім алушыны бағалап тұрады.</p> <p>Сұрақ жауап айдары.</p> <p>1. Жүгіру кезіндегі қауіпсіздік ережелері қандай?</p> <p>2. Жеңіл атлетиканың қандай түрлерін білесің ?</p> <p>3. Қысқа қашықтыққа жүгіруге қандай қашықтықтар жатады?</p> <p>4. Қысқа қашықтыққа жүгіру кезінде төреші</p>	<p>Жауабы: 675</p> <p>Жауабы: Денсаулық. Ақ жаулық Он саулық</p> <p>Жауабы: Ұлттық тағамдар, ұлттық киімдер, ұлттық ойындар</p> <p>Жауабы: Сыйластық Қимастық Жауабы: 800</p> <p>Жауабы: Серік Сәпиев</p>	     	<p>http://www.det.wa.edu.au/stepsresources/detcms/navigation/fundamental-movement-skills/?oid=MultiPartArticle-id-13602092</p>
--	---	---	---	--

	<p>қандай пәрмен береді?</p> <p>5. $500+175=$</p> <p>6. Бірінші байлық -..... Екінші байлық -..... Үшінші байлық-.....</p> <p>7. Қазақтың ұлттық құндылықтарын ата?</p> <p>8. Отбасының сәні- ”””” Достықтың сәні-.....</p> <p>9. $600+200=$</p> <p>10. Спортшының аты-жөнін атаңыз?</p>			
<p>Сабақтың соңы 5мин</p>	<p>Сапқа тұрғызу. ЕБК кері байланысын береді. Экранда көрсетілген кестенің нәтижесін шығарады. Рефлексия Қысқа қашықтыққа жүгіру бойынша қорытындысын ұлттық құндылыққа тәрбиелей отырып «Сөре, мөре» әдісі бойынша анықтау. Мақсаты: Қол жеткен нәтижелер туралы ойлану, өзіндік талдау жүргізуге дағдыландыру. Тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау. Сипаттама: Оқушылар өз беттерінше сабақтың басында қойылған сұраққа жауап береді. Өткен тақырып туралы кері байланыс беру үшін мұғалім сұрақ қояды, оқушылар ауызша жауап береді.</p>	<p>Қиын болған немесе жүзеге асыра алмаған мәселелер бойынша сұрақ қояды. Үздік нәтиже көрсету үшін өзіндік ойлармен бөліседі. Сабақ басындағы мұғалім сұрағына жауап береді.</p>	<p>Оқушыларды мақтап, мадақтау</p>	

	<p>Мұғалім әрекеті: Сұрақ-жауап арқылы кері байланыс жүргізеді. Сабақ басында қойылған сұрағына әр оқушыдан жауап сұрайды. Жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар мен үздіктерді атайды. Қалыпқа келу пульсін анықтаймыз. Осымен сабағымыз аяқталды.Сау болыңыздар.</p>			
--	---	--	--	--



Уважаемая Ольга Сергеевна !

От всей души поздравляем Вас с должностью Президента Федерации легкой атлетики Казахстана!

Ваш труд и талант всегда высоко ценятся, и мы надеемся, что Ваши достижения и новаторские идеи станут примером для публики в Вашей новой работе!

Коллектив Национального научно-практического центра физической культуры

Рыпакова Ольга Сергеевна родилась 30 ноября 1984 года, Усть-Каменогорск, Республика Казахстан — казахстанская легкоатлетка, специализирующаяся в прыжках в длину, тройном прыжке и семиборье. Чемпионка Олимпийских игр в Лондоне (2012), серебряный призёр Олимпийских игр в Пекине (2008) и бронзовый призёр Олимпиады в Рио-де-Жанейро (2016) в тройном прыжке. Чемпионка мира 2010 года в помещении в тройном прыжке.

В 2001 году окончила Восточно-Казахстанскую областную школу-интернат для одаренных в спорте. Тренировалась под руководством отца — С. Д. Алексеева. Чемпионка мира 2010 года в прыжках в длину, трёхкратная чемпионка Летних Азиатских игр в тройном прыжке и однажды в семиборье, чемпионка Универсиады 2007 года в Бангкоке (Таиланд) в тройном прыжке. Заслуженный мастер спорта.

На Олимпиаде 2012 года в предварительном раунде была первой с результатом 14,79 м. В финале Олимпийских игр в Лондоне победила с результатом 14,98 м.

В 2006 году закончила Казахскую академию спорта и туризма по специальности «Тренер-преподаватель по легкой атлетике».

Является Представителем Комиссии спортсменов Национального Олимпийского комитета РК (с 02.2024г.)

С декабря 2024 года назначена Президентом Федерации легкой атлетики Республики Казахстан.



Құрметті Нұрлан Айдарұлы!

Сізді өмір жолындағы биік белес 60 жасқа толған мерейтойыңызбен және «Жаңа Қазақстанның жыл адамы» атағына ие болған марапатыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қоғам мен адамзат алдындағы өлшеусіз еңбегіңізді ескере отырып, Сізге өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстар мен мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолыңыз тек өрлеу мен өсуге бастасын.

Сізге шын көңілден зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы ұжымы

Тұрабай Нұрлан Айдарұлы 1964 жылдың 13 желтоқсанында Қызылорда облысы Жаңақорған ауданына қарасты қазіргі Кейден ауылында ұстаздар отбасында дүниеге келген.

1987 жылы Қарағанды дене тәрбиесі және спорт техникумын бітірген соң 1972-82 жылдары өзі білім алған №208 орта мектебіне дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. 1993 жылы мамандығы бойынша білімін Қызылорда педагогикалық институтында дене шынықтыру мамандығы бойынша толықтырады. 2006 жылы Қазақстан халықтар достығы университетінің бакалавриатын бітіріп, педагог-психолог бакалавры біліктілігі мен академиялық дәрежесінің жоғарғы дипломын алды.

2008 жылдан дене тәрбиесі пәнінің педагогі болып жұмыс атқаруда. Педагог зерттеуші. Педагогикалық еңбек өтілі 37 жыл. Білім беру мекемесінде қоғамдық негізде қазақша күрес, тоғызқұмалақ, асық ату, шахмат үйірмелерін ұйымдастырып шәкірттері облыстық, республикалық жарыстардан жүлделерге ие болды. Оқушыларын патриоттыққа, адалдыққа, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу бойынша жасаған бағдарламалық жұмыстары республика көлеміне насихатталып, мақалалары республикалық басылымдарда жарияланды және аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие болды. Отбасында 2 ұл 2 қыз бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке.

Еркін күрестен спорт шебері. Классикалық күрестен I дәреже, шаңғы спортынан III дәрежеге ие. Президенттік үш сайыс жарысы бойынша Қазақстан чемпионы. Бірнеше спорт түрінен өткен жарыстар бойынша облыстық, республикалық жарыстардың жүлдегері. Еткен еңбегі үшін 2017 жылы «Үздік дене шынықтыру мұғалімі» номинациясының иегері, 2024 жылы «Жаңа Қазақстанның жыл адамы» атағына ие болды.

**«Дене тәрбиесінің жаршысы»/ «Вестник физической культуры»
ғылыми-практикалық журналы үздік педагогикалық практиканы
жариялау үшін ұсынылған басылымдардың тізіміне енді
<https://uba.edu.kz/storage/app/media/TIZIM%2005.07.2024.pdf>**

Бұл елімізде дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық тәжірибені кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

Енді педагогтер, ПОҚ, жас дене шынықтыру ғалымдары өздерінің ғылыми мақалалары мен әдістемелік әзірлемелерін осы беделді журналда «Тәжірибені жалпылау және аудару» критерийі бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру және арнаулы білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтерді, сонымен бірге білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарының 15 және 20-қосымшаларына сәйкес жариялай алады.

Бұл әркімге өз жұмысын ұсынуға, тәжірибесімен бөлісуге және кәсіби қауымдастықтың назарын аударуға тамаша мүмкіндік.

Баршаңызды ғылыми және әдістемелік жұмыстарыңызды жариялауға шақырамыз!

**Научно-практический журнал «Дене тәрбиесі жаршысы»/ «Вестник
физической культуры» вошел в перечень рекомендованных изданий
для публикаций лучшей педагогической практики
<https://uba.edu.kz/storage/app/media/TIZIM%2005.07.2024.pdf>**

Это дает возможность широко распространять педагогический опыт в области физической культуры и спорта в нашей стране.

Теперь педагоги, ППС, молодые ученые физической культуры могут публиковать свои научные статьи и методические разработки в этом авторитетном журнале по критерию «Обобщение и трансляция опыта» согласно приложения 15 и 20 Правил и условий проведения аттестации педагогов, занимающих должности в организациях образования, реализующих общеобразовательные учебные программы дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего образования, образовательные программы технического и профессионального, послесреднего, дополнительного образования и специальные учебные программы, и иных гражданских служащих в области образования и науки.

Это отличная возможность всем желающим представить свои труды, поделиться опытом и привлечь внимание профессионального сообщества.

Приглашаем всех публиковать свои научные и учебно- методические работы!



МАҚАЛАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

«Дене тәрбиесі жаршысы» - «Вестник физической культуры» ғылыми - практикалық журналы спорт педагогикасы, психология, физиология, медицина және басқа да ғылымдар мәселелерін қоса алғанда, дене шынықтыру мен спорттың заманауи іргелі және қолданбалы мәселелеріне арналған.

Жариялауға ұсынылатын материалдар келесі талаптарға сай болуы керек:

Файл пішімі: Microsoft Word. Парақ форматы: А4. Шеттері: жоғарғы және төменгі -2.0 см, сол - 3 см, оң-1 см. негізгі қаріп: Times New Roman. Негізгі мәтіннің қаріп өлшемі: 14 пункт, аннотация және түйінді сөздер: 12 пункт. Кестелер, сілтемелер, схемалар, графиктер, диаграммалар мен суреттер мәтінде кішірек қаріпті (12 пункт) пайдалануға рұқсат етіледі. Жол аралығы: жалғыз. Абзац шегінісі - 1,0 см.

Мақала көлемі - 3-тен 10 бетке дейін. Суреттердің көлемі мақаланың ¼ көлемінен аспауы керек.

Мақалалардың материалдары плагиатқа тексеріледі.

Мақала келесі ережелерге сәйкес қатаң түрде рәсімделуі керек:

- FTAMP (ғылыми техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы);

–ортасында бас әріптермен-мақаланың атауы. Орталығы бойынша жол арқылы – автордың (-лардың) тегі мен аты-жөні (4 автордан артық емес), ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (қысқартуларсыз), өткізусіз төмен ұйымның атауы, қала және ел;

- беттің ені бойынша-аннотация (30 – дан 100 сөзге дейін) және түйінді сөздер (5-7 сөз) және одан әрі-мақала мәтіні. Мақаланың соңында - «Пайдаланылған дереккөздердің тізімі».

Мақаланың атауы, авторлардың аты-жөні (толық), аннотация және түйінді сөздер үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) болуы тиіс. Аударманы сапалы және мамандар орындауы керек.

Қалың қаріппен бөлектеу керек: **мақаланың атауы, автордың аты-жөні*, аннотация, кілт сөздер, пайдаланылған дереккөздердің тізімі.**

Мәтіндегі әдебиеттерге сілтемелер төртбұрышты жақшадағы араб сандарымен берілген. Әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003 сәйкес рәсімделуі керек. Барлық сілтемелер түпнұсқа тілінде берілуі керек.

Мақала құрылымы: кіріспе, әдістеме, практикалық қолдану, ұсыныстар, қорытынды және пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

Материалдардың дұрыстығы, сауаттылығы үшін мақала авторлары жауап береді. Редакциялық алқа талаптарға сәйкес келмейтін материалдарды қабылдамауға құқылы.

Мақаланың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберілуі керек naukanprcfk@gmail.com.

Журналды шығару жиілігі – тоқсанына 1 рет.

Бір баптың құны 3500 теңгені құрайды (қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша төлем). Төлем мақала мақұлданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Біздің деректемелеріміз:

ҚР ЖП « Ұлттық ғылыми-практикалық дене шынықтыру орталығы « РМҚК

БСН: 000740000649

КВЕ 16

ИИК: KZ936018821001119691

БИК: HSBKZKX

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ

Научно-практический журнал «Дене тәрбиесі жаршысы» - «Вестник физической культуры» посвящен современным фундаментальным и прикладным проблемам физической культуры и спорта, включая вопросы спортивной педагогики, психологии, физиологии, медицины и других наук.

Предоставленные для публикации материалы должны удовлетворять следующим требованиям:

Формат файла: Microsoft Word. Формат листа: А4. Поля: верхнее и нижнее — 2.0 см, левое — 2 см, правое — 1 см. Основной шрифт: Times New Roman. Размер шрифта основного текста: 14 пунктов, аннотация и ключевые слова: 12 пунктов. Допускается использование шрифта меньшего размера (12 пунктов) в тексте таблиц, ссылок, схем, графиков, диаграмм и рисунков. Межстрочный интервал: одинарный. Абзацный отступ - 1,0 см.

Объем статьи – от 3 до 10 страниц. Объем рисунков не должен превышать ¼ объема статьи.

Материалы статей будут проходить проверку на плагиат.

Статья должна быть оформлена в строгом соответствии со следующими правилами:

- МРНТИ (межгосударственный рубрикатор научной технической информации);
- по центру прописными буквами – название статьи. Через строку по центру – фамилия и инициалы автора (-ров) (не более 4 авторов), ученая степень и ученое звание (без сокращений), ниже без пропуска наименование организации, город и страна;
- по ширине страницы – аннотация (от 30 до 100 слов) и ключевые слова (5-7 слов) и далее – текст статьи. В конце статьи - «Список использованных источников».

Название статьи, ФИО авторов (полностью), аннотация и ключевые слова должны быть на трех языках (казахский, русский, английский). Перевод должен быть качественным и выполнен специалистами.

Необходимо выделить жирным шрифтом: **наименование статьи, ФИО автора (-ров)*, аннотация, ключевые слова, список использованных источников.**

Ссылки на литературу в тексте приводятся арабскими цифрами в квадратных скобках. Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.5-98; ГОСТ 7.1-2003. Все ссылки должны быть даны на языке оригинала.

Структура статьи: Введение, методика, практическое применение, рекомендации, заключение и список использованных источников.

Ответственность за достоверность, грамотность материалов несут авторы статей. Редакционная коллегия вправе отклонять не соответствующие требованиям материалы.

Электронный вариант статьи следует направлять по электронной почте naucanprcfk@gmail.com.

Периодичность издания журнала – 1 раз в квартал.

Стоимость одной статьи составляет 3500 тенге (оплата по наличному или безналичному расчету). Оплата производится после одобрения статьи.

Наши реквизиты:

РГКП «Национальный научно-практический центр физической культуры» МП РК

БИН: 000740000649

КБЕ 16

ИИК: KZ936018821001119691

БИК: HSBKZKX



2009 жылғы 14 сәуірдегі № 10053 Журналды мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік

Жылына 4 рет шығады

Дене тәрбиесі жаршысы / Вестник физической культуры

Ғылыми-практикалық журнал / Научно- практический журнал,

Мекен -жайы: 010000, Астана қаласы, Түркестан, 8/2

Телефон: +7 (7172) 73-48-10, электрондық пошта: **nprcfk2020@yandex.kz**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК

Заказ: № 221317, Тираж: 200

«ДОИ «Вектор надежды» ҚБ, 010000, Астана қаласы, Луи Пастер көшесі, 117

Email VN-astaruna@bk.ru

тел.: 8 7172 41-68-89

2001 ж. 07.02 бастап шығарылады.

Басылымның құрылтайшылары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы